ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 21 қараша№4360-23-00-2/2670 іcҚызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья Н.Б.Еламанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылордаоблысыныңэнергетикажәнетұрғынүй-коммуналдықшаруашылықбасқармасыныңшаруашылықжүргізуқұқығындағы«Қызылордажылуэлектрорталығы»мемлекеттіккоммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«NSS»
атауыменәрекететушіМансурбекТурсынбековичАбдукадировжекекәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуғажосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарынбасшылыққаалып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорныныңжауапкер«NSS» атауымен әрекет етуші Мансурбек Турсынбекович Абдукадиров жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюықанағаттандырылсын.

Жауапкер «NSS» атауымен әрекет етуші Мансурбек Турсынбекович Абдукадиров жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «NSS» атауымен әрекет етуші Мансурбек Турсынбекович Абдукадиров жеке кәсіпкерінен талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы»

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 21.11.2023

мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыбы 9570 (тоғыз мың бес жүз жетпіс)теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 287 (екі жүз сексен жеті)теңге өндірілсін.

Жауапкер«NSS» атауымен әрекет етуші Мансурбек Турсынбекович Абдукадиров жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда- сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Көшірме дұрыс

Судья **Н.Б. Еламанов**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 03.01.2024 жылы енді.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 21.11.2023

Сот өндірісі

Судопроизводство

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТЕРЕК»

360-23-3-1/2850